

## **БЖЗҚ веб-сайты арқылы салымшының (алушының) хабарландыру тәсілін анықтауы туралы келісім**

БЖЗҚ веб-сайты арқылы салымшының (алушының) хабарландыру тәсілін анықтауы туралы келісім (бұдан әрі – Келісім) «БЖЗҚ» АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ) мен салымшы (алушы) арасында соңғысын Келісім талаптарына қосу арқылы жасалды және «интернет арқылы» хабарландыру тәсілін анықтау кезіндегі тараптар жауапкершілігін белгілейді.

Салымшы (Алушы) Келісімге Салымшының (Алушының) деректемелерін өзгерту туралы өтінішке (бұдан әрі – өтініш) электрондық цифрлық қолтаңба қою арқылы қосылады.

### **1. Келісім мәні**

1.1. Келісім салымшы (алушы) толығымен және сөзсіз қабылдайтын электрондық (жария) офферта ретінде қолданылады.

1.2. Келісім мәні – салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы хабарландыру тәсілін анықтауы.

1.3. Келісім жасай отырып, салымшы (алушы) өзінің БЖЗҚ-да ашылған барлық жеке зейнетақы шоты бойынша «интернет арқылы» зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы хабарландыру тәсілін анықтауға келісім береді.

### **2. Тараптардың жауапкершілігі**

#### **2.1. БЖЗҚ:**

2.1.1. өтінішке қол қойылған күннен бастап БЖЗҚ-да ашылған салымшының (алушының) барлық жеке зейнетақы шоты бойынша «интернет арқылы» зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы хабарландыру тәсілін анықтауды;

2.1.2. өтінішке қол қойылған күннен бастап тәулік бойына (техникалық жұмыстар жүргізілуіне байланысты БЖЗҚ веб-сайтының жұмысындағы үзілістерді қоспағанда) «интернет арқылы» салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат алуына қолжетімділікті қамтамасыз етуге міндетті.

#### **2.2. Өтінішке қол қойылған күннен бастап салымшы (алушы):**

2.2.1. зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат алу үшін қолданылатын жеке өлшемдерінің (логин (ЖСН), пароль, электрондық мекенжай, телефон нөмірі, басқа) сақталуын және конфиденциалдығын қамтамасыз етуге;

2.2.2. зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат алу үшін қолданылатын жеке өлшемдерін (логин (ЖСН), пароль, электрондық мекенжай, телефон нөмірі, басқа) қасақана және/немесе байқаусызда жасалған әрекет нәтижесінде рұқсат алған үшінші тұлғалардың пайдаланғаны үшін жауапты болуға міндетті.

2.3. Келісімге қосыла отырып, салымшы (алушы) өзі интернет арқылы алатын ақпаратты үшінші тұлғалардың рұқсат етілмеген алу тәуекелін түсінеді және мұндай тәуекелді өзіне қабылдайды.

2.4. БЖЗҚ үшінші тұлғалардың салымшының (алушының) конфиденциалды ақпаратын пайдалануына байланысты, оның ішінде «интернет арқылы» салымшының (алушының) жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірмеге рұқсат алуына байланысты орын алған кез келген зиян үшін жауапты емес.

### **3. Қорытынды ережелер**

3.1. Салымшы (алушы) өтінішке қол қойған күннен бастап Келісімге қосылды деп саналады.

3.2. Келісім қазақ және орыс тілдерінде жасалды және БЖЗҚ интернет-ресурсына орналастырылды.